

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. Гальскова, Н.Д. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика / Н.Д. Гальскова. – М. : Академия, 2008. – 336 с.

3. Ершова, О.В. Концепты «мотивация» и «интерес» как средства повышения эффективности контроля учебной деятельности студентов вуза / О.В. Ершова // Высшее образование сегодня. – 2013. – № 8. – С. 79-81.

4. Нейропсихологический подход в логопедии 02.07.2020 Кобзева Ирина Сергеевна

ӘОЖ 159.9

СТУДЕНТ-ҚЫЗДАРДЫҢ АНА БОЛУҒА ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Иманқұл Ардақ Қалиқызы

ardakeng@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Абдыхалыкова Ж. Е.

Мақалада оқу процесінде ана болуға психологиялық дайындықты дамыту мәселесі қарастырылған. Студент-қыздардың ана болуға психологиялық дайындығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық жағдайлары мен үлгілері көрсетілген.

Түйін сөздер: ана болуға психологиялық дайындық, ана болу, ана болуға дайындықтың қалыптасу факторлары, отбасы, оқу процесі, студенттер.

Психология ғылымдарында ана болу тақырыбы аса көп зерттелмеген және өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Соңғы кездерде көптеген зерттеушілер мен ғалымдардың назарын заманауи отбасы тақырыбы аударуда. Репродуктивті мінез-құлықтың өзгеруі, оның ішінде туу деңгейінің төмендеуі, ата-ананың көзқарасы мен отбасылық құндылықтардың өзгеруі, бала тәрбиелеу стилі жеке отбасы үшін де, мемлекет үшін де маңызды мәселе болып тұр.

Ашық әлеуметтік зерттеуге сәйкес, батыс елдерінде жастардың ата-ана болудан саналы түрде бас тартуы — чайлдфри (ағылшыннан childfree — балалы болмау) идеологиясы белсенді түрде таралуда. Дәл осындай идеологияның біздің қоғамды да жақын арада айналып өтпейтініне ешқандай кепіл жоқ. Отандық статистиктер біздің елде баласыз жұптардың ата-ана болуға деген көзқарасы бойынша іріктеу зерттеулерін жүргізген жоқ. Алайда, Қазақстанда ерікті баласыз қалу құбылысының бар екенін мұндай адамдардың көптеген жеке сұхбаттары және әлеуметтік желілерде өз ұстанымдарын білдірулері растайды. Тек анонимді сұхбаттар мен жазбаларда қазақстандықтар саналы түрде бала туып, өсіргісі келмейтінін мойындайды [13].

Соңғы республикалық халық санағы науқанында — 2021 жылы — ҚР-да осындай 656,5 мың отбасы болған. 12 жыл ішінде (2009 жылдан бастап) баласыз екі адамнан тұратын нуклеарлы отбасылар 73,8% өсті. 2021 жылы бұл үй шаруашылықтарының көпшілігі қалаларда орналасқан [13]. Отандық БАҚ-та қазақстандықтардың чайлдфри болуының экономикалық және әлеуметтік себептерін жиі айтылады. Сонымен қатар психологиялық себептердің де үлкен әсері барын осы тұста айта кеткен жөн деп ойлаймыз. Балалы болғысы келмейтін немесе бала тәрбиесінде көптеген қиындықтар мен кедергілерге ұшырайтын жас аналардың саны бүгінде аз емес. Сол себепті де бұл психологтар үшін өте өзекті тақырып болып табылады.

«Психология материнства» кітабының авторы Г.Г. Филиппованың айтуынша жас қыздардың ана болу дайындық мәселесі күрделі жағдайда тұр [11]. Ана болу жолында саналы дайындықтың керектігі өте өзекті екені анық. Себебі кез келген адамның өмірде атқаратын біршама рөлдері бар. Ал әйел адамның жаратылысы бойынша ең маңызды әрі жауапкершілігі өте мол рөлінің бірі ол-ана болу. Әйел-ана ретінде баланы құрсағында көтеріп, дүниеге

әкеледі. Сонымен қатар баланың өмірінің әр кезеңінде оған қамқорлық жасап, тәрбие беруші әрі бала үшін ол өскенге дейін жауапты тұлғаның бірі. Ал әйел адам қаншалықты аналық рөлін дұрыс меңгере және атқара алса, соншалықты болашақ ұрпағының, жалпы қоғамның дұрыс әрі сау дамуына септігі тие алады.

Қазіргі таңда ана болу, отбасын құру мәселесі жоғарыда айтып өткендей күрделі кезеңнен өтіп жатыр. Жастардың болашақ отбасына үлкен жауапкершілікпен қарауы және келуі саналы түрде дамымаған. Көптеген жас отбасылардың алғашқы отбасылық жылдарда ақ ажырасуы, жас аналардың туғаннан кейінгі депрессияға түсіп жатуы, жетімдердің көбеюі, балалардың отбасында зорлық-зомбылық көруі жастардың отбасылық өмірге дайын болмауынан, ана болуға психологиялық түрде дайын болмауынан, әлеуметтік психологиялық көмек көрсетудің болмауынан болып жатады. Иә бір жағынан кез-келген қыз баланың ана болуға дайындығы табиғатынан инстинктивті түрде негізделген болғанымен, екінші жағынан ол тұлғалық даму барысында оқу, үйрену арқылы қалыптасатын дағды. Бірақ көптеген авторлар ана болуға дайындық өмір бойы қалыптасады деп санайды. Бұл процеске биологиялық және әлеуметтік факторлар да әсер етеді.

Бүгінде ана болу деген біртұтас ұғым жоқ. Бұл тақырыпқа ғылымда қызығушылық салыстырмалы түрде жақында пайда болды. Г.Г. Филиппова зерттеулерінде ана болу процесін психоәлеуметтік феномен ретінде қарастырады [11].

В.И. Брутманның айтуы бойынша ана болу ұғымы қоғамдық нормалар мен құндылықтардың әсері арқылы туындайтын әлеуметтік рөлдердің бірі [2].

Ана болу функциясы балаға эмоцияналды қолайлы жағдай жасау, бауыр басу, әлемге көзқарасты дамытуды талап ететін өте терең әрі күрделі процесс. Ана болуға дайындық тақырыбында біршама зерттеу жұмыстары жүргізілген. Болашақ ана өмірге бала алып келерде оның бірқатар өзгерістерге ұшырайтынына алдын ала дайын болуы керек. Саналы түрде балалы болуға, баланы жауапкершілікпен өсіруге, тәлім-тәрбие беруге болашақ ана дайын болу керек.

С.Ю. Мещерякова ана болудағы психологиялық дайындықты зерттеушілердің бірі, ол ана болуға психологиялық дайындықты тұлғалық формация ретінде және өзіндік жеке білім алу арқылы жүретінін қарастырады, оның нысаны субъектілік-объектілік бағыттылық болып табылады. Бұл нысан бала дүниеге келгеннен кейін ананың бойында сол уақытта пайда болатын мінез-құлық ретінде көрсетіледі. Ана болуға психологиялық дайындықты бір-бірінен ажырамас биологиялық және әлеуметтік факторлардың әсерінен қалыптасады және бір жағынан инстинктивті негізге ие болса, екінші жағынан ерекше білім алудан пайда болады деген тұжырым жасайды [8].

Ана психологиясын зерттеу саласындағы жетекші мамандардың бірі Г.Г. Филиппова ана болудағы дайындықтың бес құрамдас бөлігін атап көрсетеді: тұлғалық дайындық, мотивациялық дайындық, ата-ана моделі, ана болу құзыреттілігі және қажеттілік-мотивациялық сфера. Автордың пікірінше ана болуға психологиялық дайындық құрылымының негізі әйелдің аналық мінез-құлық стилінде баласына субъективті қатынасы болып табылады. Ана болуға психологиялық дайындық әйелдің жүктілік тәжірибесін қамтиды; нәрестені тәрбиелеу және күту міндеттеріне бағытталады; болашақ ананың ерте балалық шақтағы жағымды тәжірибесіне сүйенеді [12].

В.В. Ивакина өз зерттеуінде ана болуға дайындықтың үш түрлі түрін көрсетеді және осы классификация сызбасын студент қыздардан алынған эмпирикалық деректерді талдауға қолданады. Олар адекватты, амбивалентті және риск түрі. Адекватты типтегі қыздардың ана болудағы қобалжуының жоғары болатынын көрсеткен. Себебі адекватты тип-ана болудың үлкен жауапкершілік екенін терең түсінгенін. Зерттеудің қорытындысы бойынша ана болуға дайындық тобы үшін психологиялық факторлардың әлеуметтік факторларға қарағанда маңызы жоғарырақ болып шығады [7].

Көптеген авторлардың байқауы бойынша ана болудағы психологиялық дайындықтың ана болуға дейін латентті түрде ішкі позиция ретінде алдын-ала болады екен және ол жүктілікке, баланы дүниеге әкелуде сәтті жүзеге асыруын анықтайды.

Студенттік жас-ең репродуктивті және ана болуға дайындықтың ең негізгі кезеңі болып табылады. Дәл осы жас аралығында когнитивті-мотивация мен әлеуметтік белсенділік жоғары болады. Жыныстық жетілу дамып болып көптеген психологиялық жаңа формациялар дамиды. 18-21 жас аралығында қыз балалардың ағзасы дүниеге бала алып келуге толықтай дайын болғанымен психологиялық түрде дайын болмай жатады [6].

Студент қыздардың ана болуға психологиялық дайындығын қалыптастыруда білім беру ортасы маңызды рөл атқарады. Университеттік оқу ортасында студент қыздар әлеуметтік нормалар, академиялық қиындықтар, тұлға аралық өзара әрекеттестік және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері сияқты әртүрлі факторларға ұшырайды. Бұл факторлар ана болуға психологиялық дайындыққа оң және теріс әсер етуі мүмкін.

Білім беру ортасының студент қыздардың ана болуға психологиялық дайындығын қалыптастыруға қалай әсер ететінін түсіну, ата-ана болуға дайындалу және олардың өміріндегі осы маңызды өтпелі кезеңде жас қыздарды қолдаудың тиімді бағдарламаларын әзірлеу өте маңызды. Бұл мақалада біз ана болуға психологиялық дайындықты қалыптастыруға білім беру ортасының әсерінің әртүрлі аспектілерін талқылаймыз. Болашақ аналардың саналы түрде дайын болуы, үлкен жауапкершілікпен сау ұрпақ өсіруі болашағымызға әсер етеді.

В. И. Брутманның пайымдауы бойынша ана болуға психологиялық дайындық дегеніміз тұлғаның өзіндік санасының даму кезеңі мен ана мен бала арасындағы мағыналық шекараны құру процесі болып табылады екен [2].

Е.Б. Айвазянның айтуы бойынша ана болуға дайындық ішкі аналық позицияның пайда болуынан туындайды екен. «Ананың ішкі жағдайы жүктілік кезеңінде иерархиялық ұйымдастырылған жүйе, соның ішінде анамен байланысты құндылықтар мен мағыналар, ана рөлінің жобалары, баланың және өзінің бейнесі, ана мен баланың эмоционалды қатынасы» болып саналады [1].

Е.В. Евдокимованың зерттеу жұмысы бойынша студент қыздардың ана болудағы құндылықтарының қалыптасуы олардың өз рөлін қабылдау мен ананың функцияларын орындау болып табылады екен. Автордың ана болудағы құндылықтардың қалыптасуы дегеніміз «ата-ана болудың тартымдылығын, оның мазмұны мен ұйымдастырылуын толық білуді, қажетті дағдыларды меңгеруді, оны жүзеге асыруға ынталандыруды субъективті деңгейде көрсететін кешенді психологиялық білім» [5].

Ана болудағы құндылықтардың қалыптасуы студенттерге ана болу бағытында жүйелі білім берілген болса, оқыту және кеңес беру іс шаралары жүзеге асырылған болса, ана болудың эмоционалды тартымдылығы жеткізіліп, өмірлік басымдықтар жүйесінде дұрыс орны көрсетілген болса сәтті болады. Ана болуға психологиялық дайындықтың қалыптасуында ана болу жайлы өзіндік бейненің дұрыс қалыптасуына жағдай жасалған болу керек. Психологиялық дайындықты қалыптастыру әдісі ретінде Т.В. Павлованың айтуы бойынша

«ата-ананың құзыреттілігін, ата-ана мен бала туралы шынайы және мінсіз бейнелердің сәйкестігін, олардың жағымды эмоционалды бағдарын және тұтастай алғанда жетілген ата-ана ұстанымдарын қамтамасыз етуді жетілдіруге арналған дамыту жаттығуларының жиынтығын» қолдануға болады [9].

Е.Н. Васильева мен А.В. Щербакованың зертеу жұмысы бойынша «тиімді ата-ана» тренинг бағдарламасы арқылы жастардың ана болудағы психологиялық дайындық деңгейінің өзгергені анықталған. Тренинг барысында студенттер шағын лекциялар, видеолекциялар мен видеокөрнекіліктер арқылы теориялық білім алған. Тренинг барысында студенттер «бала» және «ата-ана» рөлдік ойыны арқылы жұмыс жасаған. Сондай-ақ сурет салу техникасы арқылы диагностикалық, дамытушылық және психотерапевтикалық функцияларды қолдану арқылы көзделген тапсырмалар орындалған. «Нақты жағдайлар анализі» техникасын қолдана отыра күделікті өмірдегі отбасылық проблемаларды талқылау арқылы, нақты кеңес беру тәжірибесін талдау арқылы практикалық жұмыс жасалған. Психологиялық дайындықты саналы түрде қалыптастырудың негізгі факторлары ретінде арнайы отбасылық құндылықтарды насихаттайтын, отбасылық дәстүрлерді жаңғыртатын, отбасы туралы білім-

ғылым беретін арнайы оқу-жаттығу құралдарының, бағдарламаларының әзірленіп практикаға енгізілуі болып табылады [3].

В.В. Ивакина ана болуға психологиялық дайындық моделі ретінде келесі ұсыныстарды тастайды: 1) жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесінің мазмұнын тиісті бағдарлау және түзету арқылы ана мен бала арасындағы құнды қарым-қатынастың қалыптасуына бағыттау; 2) жоғары оқу орнының оқу үдерісі шеңберінде ана болуға дайындығын қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыру; 3) ана тұлғасын дамыту және ана рөлін орындауға ұмтылу құралы ретінде белсенді оқыту әдістерін пайдалану. Зерттеуші ана болуға психологиялық дайындықтың студент қыздардың ана ретінде өзін жүзеге асыру үшін тұрақты қызығушылығын ынталандыру, сол бағытта білім алу, дағдылар қалыптастыру сияқты жан-жақты қамтитын процесс екенін ескереді. Бұл бағытта білім алу маңыздылығы өте зор, өйткені ол ана болуға дайындықты дамытудың негізгі тетіктерінің біріне айналуы мүмкін [7].

И.Г. Григорьян ана болуға дайындық факторларын әлеуметтік, биологиялық және психологиялық құрылым ретінде алып отыр. Биологиялық факторлары ретінде автор жыныстық белсенділіктің хронологиялық басталуын, репродуктивті және психикалық денсаулығын, жыныстық мінез-құлықтың қалыптасу ерекшеліктерін алып отыр. Әлеуметтік факторлары ретінде заңды түрдегі жүктілікті немесе некені, болашақ ананың білім деңгейін, өз отбасындағы аналық рөлдегі мінез-құлық стереотипін, отбасындағы қарым-қатынасы мен отбасы типін, ата-анасының қызының есеюі мен оның тәуелсізденуіне деген көзқарасын, ата-анасынан сепарациясын, онтогенетикалық даму ерекшелігін, тәуелділік мінез-құлқын, асоциалды мінез-құлқын көрсетеді. Психологиялық факторлары ретінде репродуктивті мінез-құлықты жоспарлау саласындағы құзыреттілікті, қыз баланың ерте жыныстық белсенділік пен жүктіліктің басталуына жеке көзқарасын, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін, анасымен қарым-қатынас ерекшеліктерін, процестердің ерекшеліктерін сәйкестендіру – өз анасымен даралануын, ананы деидеализациялау процестерінің ерекшеліктерін, рұқсаттың болуы және дәрежесін, сыртқы және ішкі жеке қайшылықтарын, жеке қасиеттерін, жеке тұлғаның құндылық және мағыналық бағдарларын, өзін-өзі бағалау деңгейін, қабілеттілік пен стресстік жағдайларға адекватты жауап беруін, гендерлік сәйкестіктің жетілу деңгейін, басқалармен жетілген субъективті қарым-қатынастарды құру қабілетін белгілеп отыр [4].

Жоғарыда айтып өткен барлық зерттеушілердің ойынша болашақ ананың өзі өсіп шыққан отбасы, ондағы ата-анасымен қарым-қатынасы, әсіресе ана мен бала қарым-қатынасы ең алғашқы сол себепті де ең маңызды психологиялық дайындықты қалыптастырудың маңызды көзі болып табылады.

Д.В. Посходиева мен Т.Ц. Дугарова атап өткендей «осы мәселе бойынша оқу орындары мен отбасы арасындағы сабақтастық үшін жағдай жасау» арқылы мемлекеттік білім беру ортасында сәтті жүзеге асыруға болады [10].

Жоғарыда айтылған нәрселердің бәрін ескере келгенде ана болуға психологиялық дайындық ана болудағы эмоционалды тартымдылық, ата-ана болудағы құндылық басымдылығын құру, ана болуға деген оң көзқарасын ынталандыру принциптеріне негізделуі керек. Е.В. Евдокимова ескере кеткендей ана болудағы эмоционалды тартымдылықты арттыру арқылы, ата-ана болудағы құндылық басымдылығын құру арқылы жоғары оқу орнындағы студент қыздардың ана болуға психологиялық дайындығын арттырып, жүзеге оң асыруына ықпал етеді [5].

Сонымен қорыта келгенде психология саласында ана болуға психологиялық дайындықты қалыптастыру үшін біршама практикалық материалдар бар екені анықталды. Оқу орындарында ана болуға психологиялық дайындықты қалыптастыру модельдері, психологиялық-педагогикалық жағдайлар, арнайы әдістер мен техникалар бары анықталды. Ана болуға психологиялық дайындау барысында диалог құру, өзін-өзі диагностикалау, ана болудағы эмоционалды тартымдылықты арттыру, ата-ана болудағы құндылық басымдылығын құру, ана болуға деген оң көзқарасын ынталандыру, салауатты отбасын құру және дені сау бала тәрбиелеу мәселелерін талқылау арқылы жүзеге асыруға болатынын анықтадық.

Жас қыздардың ана болуға деген психологиялық дайындығын қалыптастыру мен дамытудың маңыздылығын аштық. Ана болудың өте нәзік әрі күрделі жол екенін айта отыра әйел затының бұл қадамға өте үлкен жауапкершілікпен, жан-жақты дайындықпен, терең біліммен келуін ескерттік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Айвазян Е.Б. Развитие телесного и эмоционального опыта женщины в период беременности: автореф. дис. канд, психол. наук: 19.00.04. – М., 2005.
2. Брутман В.И., Филиппова Г.Г., Хамитова И.Ю. Динамика психического состояния женщины во время беременности и после родов//Вопросы психологии. 2002. №1. С.59-69.
3. Васильева Е.Н., Щербаков А.В. Изменение уровня психологической готовности молодежи к родительству средствами тренинговой программы «Эффективное родительство» // Фундаментальные исследования. 2013. №11 (3). С. 584–589.
4. Григорьян И.Г. Особенности психологической готовности студенток к материнству: автореф. дис. канд. психол. наук: 19.00.07. – Самара, 2013.
5. Евдокимова Е.В. Формирование ценностного отношения к родительству у студентов вуза: автореф. дис. канд. психол. наук: 19.00.07. – Пятигорск, 2015.
6. Залевский Г.В., Кузьмина Ю.В. К вопросу о модели вузовского координационного центра «Культура здоровья студенческой молодежи» // Вестник Томского государственного университета. 2011. № 352. С. 176–179.
7. Ивакина В.В. Формирование у студенток психологической готовности к материнству: автореф. дис. канд. психол. наук: 19.00.07. – Ставрополь, 2006.
8. Мещерякова, С. Ю. Психологическая готовность к материнству // Вопросы психологии. 2000. № 5. С. 18-27 .
9. Павлова Т.В. Психологические детерминанты формирования представлений личности о родительстве: автореф. дис. канд. психол. наук: 19.00.01. – М., 2012.
10. Посходиева Д.В., Дугарова Т.Ц. Психолого-педагогические основы формирования материнства и отцовства у студентов // Вестник БГУ. 2011. №1 С. 167–171.
11. Филиппова, Г. Г. Психология материнства (сравнительно-психологический анализ) : дисс. докт. психол. наук / Г. Г. Филиппова. М., 2000. 24 с.
12. Филиппова Г.Г. Психология репродуктивной сферы человека: методология, теория, практика // Медицинская психология в России: электрон. науч. журн. 2011. № 6. URL: [http:// medpsy.ru](http://medpsy.ru) (дата обращения: 13.08.2013).
13. <https://ranking.kz/kz/sholu/kogam/kazakstanda-chayldfriler-bar-birak-bul-demografiyalyk-zhagdayga-eser-etpeydi.html>

ӘОЖ 159.9

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫРТҚЫ ДҮНИЕНІ ТАНЫП БІЛУГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ МЕН ҚҰМАРЛЫҒЫ

Акбаева Мерует Алтынбековна

akbaeva1984@list.ru

Қ. Сәтбаев атындағы Vinom school мектеп-лицейі

Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып оқушылары мектепке алғаш қадам баса отырып, сыртқы дүниені танып терең тани бастайды. Сыртқы дүниені танып білуге деген қызығушылығы мен құмарлығы – мектептегі оқу жүйесіндегі түрлі білімнің жаңалығына қатынасы арқылы көрінеді. Ғалымдар (Ананьев, Берлайн, Шумакова және т.б.) балалардың көрсекызарлығы мен білімқұмарлығын зерттеу проблемасына бейжай қарамаған. Алайда, ғылыми әдебиетте бұл